Е.С. Сычева¹, И.Н. Ануарбекова¹, Д.Б. Маркина^{1,2}, М.С. Муканова^{1,2*}, Г.С. Муканова³¹Институт химических наук имени А.Б. Бектұрова, Алматы, Казахстан²Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан³РГП «Институт ботаники и фитоинтродукции» КЛХЖМ МЭГПР РК, Алматы, Казахстан

*E-mail: chem_mukan@mail.ru

Резюме. *Введение.* Азотсодержащие гетероциклы являются структурными элементами многих синтетических и эндогенных биологически активных веществ. В связи с этим, они представляют особый интерес как объекты изучения взаимосвязи структуры и биологической активности. *Целью* данной работы является разработка новых стимуляторов роста растений на основе азотсодержащих гетероциклических дитиокарбаминовых кислот, их комплексов включения с арабиногалактаном и изучение их корнеобразующей активности. *Результаты и обсуждение.* Осуществлен синтез дитиокарбамата натрия 5-амино-1,3,4-тиадиазол-2-тиола и его карбонильных производных циклопропанового, 4-фтор- и 4-метоксibenзойных тиоангидридов. Разработаны условия синтеза комплексов включения тиоангидридов 2-4 с арабиногалактаном (АГ). Синтез биоорганических комплексов включения субстратов с АГ проводили при массовом соотношении исходных реагентов 1:1 в диметилсульфоксиде, продолжительность реакций составила 8 часов при температуре 55-60 °С. Комплексы включения с арабиногалактаном получены с выходами 62–88%. Строение синтезированных гетероциклических тиоангидридов установлено на основании данных ИК спектроскопии и спектроскопии ЯМР ¹H и ¹³C. Проведены полевые испытания по выявлению корнеобразовательной активности полученных соединений и определению действия стимуляторов роста на рост корневой системы черенков спиреи вангутта. *Заключение.* Установлено, что биокомплекс 4-метоксibenзойного (5-меркапто-1,3,4-тиадиазол-2-ил) тиоангидрида карбамотиевой кислоты с арабиногалактаном 7 повышает укореняемость и приживаемость посадочного материала и в концентрации 100 мг/л показывает высокий выход укорененных черенков спиреи (90%) по сравнению с контролем (13%), стандартами Корневин (20%) и АН-16 (36%).

Ключевые слова: 5-амино-1,3,4-тиадиазол-2-тиол, дитиокарбамат, тиоангидриды, биокомплексы, корнеобразующая активность

<i>Сычева Елена Сергеевна</i>	<i>Кандидат химических наук</i>
<i>Ануарбекова Индира Ниязбекқызы</i>	<i>PhD</i>
<i>Маркина Дария Базарбековна</i>	<i>Магистр технических наук</i>
<i>Муканова Меруерт Сисенбековна</i>	<i>Кандидат химических наук</i>
<i>Муканова Гаухар Сисенбековна</i>	<i>Кандидат биологических наук</i>

References

1. Saeidy S., Petera B., Pierre G., Fenoradosoa T.A., Djomdi D., Michaud P., Delattre C. Plants arabinogalactans: From structures to physico-chemical and biological properties. *Biotechnol. Adv.* **2021**, 53, 107771. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.biotechadv.2021.107771>
2. Chen R., Xu J., Wu W., Wen Y., Lu S., El-Seedi H. R., Zhao C. Structure immunomodulatory activity relationships of dietary polysaccharides. *Curr. Res. Food Sci.* **2022**, 5, 1330-1341. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.crfs.2022.08.016>
3. Wang J.-Q., Liu X.-X., Zhang J.-J., Zhang S., Jiang C., Zheng S.-W., Wang Z., D.-Y. Li, Li W., Shi D.-F. Amelioration of Cisplatin-Induced kidney injury by Arabinogalactan based on network pharmacology and molecular docking. *J. Funct. Foods.* **2023**, 104, 105504. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jff.2023.105504>
4. Tang S., Wang T., Huang C., Lai C., Fan Y., Yong Q. Arabinogalactans from *Larix principis-rupprechtii*: An investigation into the structure-function contribution of side-chain structures. *Carbohydr. Polym.* **2020**, 227, 115354. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.carbpol.2019.115354>
5. Gao T., Ma Sh., Song J., Bi H., Tao Y. Antioxidant and immunological activities of water-soluble polysaccharides from *Aconitum kusnezoffii* Reichb. *Int. J. Biol. Macromol.* **2011**, 49, No.4, 580-586. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2011.06.017>
6. Singh B., Sharma V. Designing galacturonic acid arabinogalactan crosslinked poly(vinyl pyrrolidone)-co-poly(2-acrylamido-2-methylpropane sulfonic acid) polymers: Synthesis, characterization and drug delivery application. *Polym.* **2016**, 91, 50-61. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.polymer.2016.03.037>

7. Abe Tanaka L.Y., De Oliveira A.J.B., Gonçalves J.E., Cipriani T.R., De Souza L.M., Marques M.C.A., De Werner M.F.P., Baggio C.H., Gorin P.A.J., Sasaki G.L., Iacomini M. An arabinogalactan with anti-ulcer protective effects isolated from *Cereus peruvianus*. *Carbohydr. Polym.* **2010**, *82*, No.3, 714-721. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.carbpol.2010.05.043>
8. Shurygina I.A., Sukhov B.G., Fadeyeva T.V., Umanets V.A., Shurygin M.G., Ganenko T.V., Kostyuro Y.A., Grigoriev E.G., Trofimov B.A. Bactericidal action of Ag(0)-antithrombotic sulfated arabinogalactan nanocomposite: coevolution of initial nanocomposite and living microbial cell to a novel nonliving nanocomposite. *Nanomed.: Nanotechnol., Biol. Med.* **2011**, *7*, No.6, 827-833. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2011.06.004>
9. Mugunthan G., Sriram D., Yogeewari P., Kartha K.P.R. Synthetic analogues of mycobacterial arabinogalactan linkage-disaccharide part II: synthesis and preliminary screening of lipophilic *O*-alkyl glycosides. *Carbohydr. Res.* **2011**, *346*, No.15, 2401-2405. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.carres.2011.08.027>
10. Gao T., Ma S., Song J., Bi H., Tao Y. Antioxidant and immunological activities of water-soluble polysaccharides from *Aconitum kusnezoffii* Reichb. *Int. J. Biol. Macromol.* **2011**, *49*, No.4, 580-586. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijbiomac.2011.06.017>
11. De Oliveira A.J.B., Cordeiro L.M.C., Gonçalves R.A.C., Ceole L.F., Ueda-Nakamura T., Iacomini M. Structure and antiviral activity of arabinogalactan with (1→6)-β-D-galactan core from *Stevia rebaudiana* leaves. *Carbohydr. Polym.* **2013**, *94*, No.1, 179-184. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.carbpol.2012.12.068>
12. Shakhtshneider T.P., Kuznetsova S.A., Zamay A.S., Zamay T.N., Spivak E.A., Mikhailenko M.A., Malyar Yu.N., Kuznetsov B.N., Chesnokov N.V., Boldyrev V.V. New composites of betulin esters with arabinogalactan as highly potent anti-cancer agents. *Nat. Prod. Res.* **2016**, *30*, No.12, 1382-1387. DOI: <https://doi.org/10.1080/14786419.2015.1060591>
13. Grieshop C. M., Flickinger E.A., Fahey G. C. Oral Administration of Arabinogalactan Affects Immune Status and Fecal Microbial Populations in Dogs. *J. Nutr.* **2002**, *132*, No.3, 478-482. DOI: <https://doi.org/10.1093/jn/132.3.478>
14. Coskun Y., Duran R.E., Savaskan C., Demirci T., Hakan M.T. Efficient Plant Regeneration with Arabinogalactan-Proteins on Various Ploidy Levels of Cereals. *J. Integrat. Agricult.* **2013**, *12*, No.3, 420-425. DOI: [https://doi.org/10.1016/S2095-3119\(13\)60242-7](https://doi.org/10.1016/S2095-3119(13)60242-7)

INFLUENCE OF SOLID LIQUID STATES RATIOS ON THE COMPOSITION AND PROPERTIES OF HUMATE-CONTAINING ORGANO-MINERAL FERTILIZERS

U.Zh. Dzhusipbekov, G.O. Nurgaliyeva*, Z.K. Bayakhmetova

A.B. Bekturov Institute of Chemical Sciences JSC, Almaty, the Republic of Kazakhstan

*E-mail: N_gulzipa@mail.ru

Abstract. *Introduction.* Human economic activity leads to removal of nutrients from the soil along with the crop. Nutrients losses also occur because of natural processes (erosion, leaching, etc.). It is necessary to replenish the missing nutrients with the use of humate-containing organomineral fertilizers to preserve soil fertility and increase productivity. *The purpose* of this work is to study the processes of iron (III) phosphates interaction with potassium humate and to obtain humate-containing organomineral fertilizers. *Methodology.* Chemical analysis, infrared spectroscopy, X-ray phase analysis methods have been used. *Results and discussion.* The processes of obtaining humate-containing organomineral fertilizers by the interaction in the systems “iron dihydrogen phosphate - potassium humate”, “iron hydrogen phosphate - potassium humate” and “iron orthophosphate - potassium humate” have been studied. It has been determined that an increase in the S:L ratio from 1:3 to 1:6 leads to an increase in the content of the digestible forms of P₂O₅ up to 44.70%, nitrogen up to 1.85% and the output of humic substances up to 79.23%. An analysis of the IRS data indicates the multicomponentness and complexity of the composition of humate-containing organomineral fertilizers samples. *Conclusion.* It has been shown that the absorption bands of humic compounds of various functional groups and various substitutions phosphates are superimposed, while the shape of the absorption bands distorted, and their maxima have shifted to the high- or low-frequency area. It has been found that, regardless the phosphate ion nature, an increase in the ratio of S:L leads to a decrease in the absolute content of total, water-soluble and assimilable forms of P₂O₅. Concurrently, the phosphate part almost completely converted into the assimilated form. It has been defined that adding of the potassium humate, makes all phosphorus, which is in the indigestible form in the iron phosphates, almost completely pass into a mobile and assimilable form. It has been revealed that the addition of potassium humate into the systems with iron phosphates of various degrees of substitution makes it possible to neutralize the residual acidity of the pulp, and the neutralization process proceeds without P₂O₅ retrogradation. The resulting products have good physical, mechanical and fertilizer properties.

Key words: iron dihydrophosphate, iron hydrophosphate, iron orthophosphate, potassium humate, humate-containing organomineral fertilizers

Dzhusipbekov Umirzak

Doctor of Technical Sciences, Professor,

Zhumasilovich

E-mail: jussipbekov@mail.ru

Nurgaliyeva Gulzipa Oryntayevna

Doctor of Chemical Sciences, E-mail: N_gulzipa@mail.ru

Bayakhmetova Zamira

Candidate of Chemical Sciences,

Kenesbekovna

E-mail: zamirabkz@mail.ru

Citation: Dzhusipbekov U.Zh., Nurgaliyeva G.O., Bayakhmetova Z.K. Influence of T:L ratios on the composition and properties of humate-containing organo-mineral fertilizers. *Chem. J. Kaz.*, 2023, 2(82), 99-108. (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.51580/2023-2.2710-1185.17>

ҚҰРАМЫНДА ГУМАТЫ БАР ОРГАНОМИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ҚАСИЕТТЕРІНЕ ҚАТТЫ СҮЙЫҚ КҮЙЛЕРІНІҢ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӘСЕРІ**Ө.Ж. Жүсіпбеков, Г.О. Нұрғалиева*, З.К. Баяхметова***«Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы, Қазақстан***E-mail: N_gulzipa@mail.ru*

Түйіндемe. *Кіріспе.* Адамның шаруашылық әрекеті үдерісінде егінмен бірге топырақтан қоректік заттар жойылады, олардың жоғалуы табиғи үдерістердің де (эрозия, шайылу және т.б.) әсерінен болады. Топырақтың құнарлылығын сақтау және өсімдіктердің өнімділігін арттыру үшін құрамында гуматы бар органикалық тыңайтқыштарды қолдану арқылы жетіспейтін қоректік заттарды толықтыру қажет. *Жұмыстың мақсаты* – темір (III) фосфаттарының калий гуматымен әрекеттесу үдерістерін зерттеу және құрамында гуматы бар органикалық тыңайтқыштарды алу. *Әдістері.* Химиялық талдау, инфрақызыл спектроскопия, рентгендік фазалық талдау әдістері қолданылды. *Нәтижелер мен талқылау.* «Темір дигидрофосфаты – калий гуматы», «темір гидрофосфаты – калий гуматы» және «темір ортофосфаты – калий гуматы» жүйелеріндегі әрекеттесу арқылы құрамында гуматы бар органикалық тыңайтқыштарды алу үдерісі зерттелді. Қ:С қатынасының 1:3-тен 1:6-ға жоғарылатқанда P_2O_5 сіңірімді түрлерінің мөлшері 44.70%-ға, азоттың 1.85%-ға және гуминдік заттардың шығымының 79.23%-ға дейін артатыны айқындалды. ИҚС мәліметтерін талдау құрамында гуматы бар органикалық тыңайтқыштардың үлгілерінің құрамының көпкомпоненттілігін және күрделілігін көрсетеді. Гуминді қосылыстардың әртүрлі функционалды топтарының және негізділігі әртүрлі фосфаттардың жұтылу жолақтары қабаттасатыны, содан жұтылу жолақтарының пішіні өзгеріп, олардың максимумдары жоғары немесе төмен жиілікті аймаққа ығысатыны анықталды. *Қорытынды.* Фосфат ионының табиғатына қарамастан, Қ:С қатынасының жоғарылауы P_2O_5 -тің жалпы, суда еритін және сіңірімді түрлерінің абсолютті мәнінің төмендеуіне әкелетіні анықталды. Бұл жағдайда фосфат бөлігі толығымен дерлік сіңірімді түрге айналады. Калий гуматын енгізген кезде темір фосфаттарындағы сіңірілмейтін күйдегі барлық фосфор толығымен дерлік жылжымалы және сіңіргіштік түрге өтетіні көрсетілді. Негізділігі әртүрлі темір фосфаттары бар жүйелерге калий гуматын қосу қойыртпаның қалдық қышқылдығын бейтараптандыруға мүмкіндік беретіні, бейтараптандыру үдерісі P_2O_5 ретроградациясынсыз жүретіні анықталды. Алынатын өнімдердің жақсы физика-механикалық және тыңайтқыштық қасиеттерге не екендігі анықталды.

Түйінді сөздер: темір дигидрофосфаты, темір гидрофосфаты, темір ортофосфаты, калий гуматы, құрамында гуматы бар органикалық тыңайтқыштар

<i>Жүсіпбеков Өмірзақ Жұмасыұлұлы</i>	<i>Техника ғылымдарының докторы, профессор</i>
<i>Нұрғалиева Гүлзипа Орынтайқызы</i>	<i>Химия ғылымдарының докторы</i>
<i>Баяхметова Замира Кеңесбекқызы</i>	<i>Химия ғылымдарының кандидаты</i>

1. Кіріспе

Қазіргі уақытта халық санының қарқынды өсуіне, су ресурстарының тапшылығы, топырақтың ластануы мен тұздануына байланысты халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығында құрамында гуматы бар органикалық тыңайтқыштарды қолдану қажет [1, 2]. Қазақстанда осындай тыңайтқыштарды алуға керекті шикізат бар: фосфориттер, өндіріс қалдықтары, құрамында өсімдіктің өсуі мен дамуына қажетті қоректік заттар (фосфор, калий, марганец, бор, гуминді қосылыстар және т.б.) бар қоңыр көмірлер.

Авторлар [3-5] органикалық тыңайтқыштарды фосфоритті азот және фосфор қышқылдарымен, сондай-ақ осы қышқылдардың қоспасымен

ыдырату үдерісіне құрамында гумин қосылыстары бар қарашірікті қосу арқылы алу әдістерін зерттеді. Бұл минералды қышқылдардың стехиометриядан төмен мөлшерін қолдануға мүмкіндік береді, яғни қышқыл реагенттің шығынын 50%-ға азайтады. Қарашіріктің құрамындағы гумин қышқылдары кальциймен әрекеттесуі нәтижесінде фосфордың цитратта және суда еритін түрлерінің түзілуіне сәйкес келетін $\text{CaO/P}_2\text{O}_5$ қатынасын реттеуге болатындығын көрсетті. Ал [6, 7] жұмыстарда минералды тыңайтқыштар менгуминді қосылыстар әрекеттескенде кальций мен магнийдің гуматтары түзілетіндіктен топырақтағы фосфаттың фиксациясы азайып, фосфордың сіңірілуін арттыруға болатындығы анықталған. [8] жұмыста гуматтың әртүрлі суперфосфаттармен әрекеттесуі қарастырылып, түзілетін фосфат-металлгумат кешендері тыңайтқыштағы фосфордың тұрақты және өсімдіктерге сіңірімді түрдегі қосылыстары болып табылатындығы айқындалған.

Жалпы, ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау органоминаралды тыңайтқыштар фосфатты шикізатты қышқылмен ыдырату кезінде немесе өндірісте шығарылатын минералды тыңайтқыштарға қарашірік, қоңыр көмір немесе гуматтарды қосу арқылы алынатындығын көрсетті. Алайда, бастапқы фосфатты шикізаттың құрамында кальцийдің, магнийдің, темірдің және алюминийдің мөлшерінің жоғары болуына байланысты қышқылдық реагенттер көп жұмсалады және фосфордың өсімдіктерге сіңірімді түрге өтуі қиын болады. Бұл технологиялық үдерістердің айтарлықтай күрделенуіне әкеледі және алынған өнімдерінің сапасына кері әсерін тигізеді. Осы мәселелерді гуминді қосылыстарды қолдану арқылы шешуге болады.

Жұмыстың мақсаты темір (III) фосфаттарының калий гуматымен әрекеттесу үдерістерін зерттеу және құрамында гуматы бар органоминаралды тыңайтқыштарды алу.

2. Тәжірибелік бөлім

Тәжірибе жасау үшін бастапқы компоненттер ретінде Ойқарағай (Алматы обл.) кен орнының қоңыр көмірінен калий гидроксидімен экстракциялау арқылы алынған калий гуматы, құрамы (мас. %): Na^{daf} – 80.35; A^{a} – 18.80; W^{a} – 13.35, темірдің дигидрофосфаты, құрамы (мас. %): P_2O_5 – 61.38; Fe_2O_3 – 23.05, гидрофосфаты, құрамы (мас. %): P_2O_5 – 53.25; Fe_2O_3 – 40.0 және ортофосфаты, құрамы (мас. %): P_2O_5 – 47.02; Fe_2O_3 – 52.98 қолданылды.


Темірдің дигидро-, гидро- және ортофосфаттарының калий гуматымен әрекеттесу үдерісіне К:С қатынасының әсері зерттелді, тәжірибе 60°C температурада 60 мин жүргізіліп, қойыртпаның қалған қышқылдығы 5% аммиактың сулы ерітіндісімен рН 3.5-4.0 дейін бейтарапталды. Одан кейін алынған қойыртпа $75-80^\circ\text{C}$ температурада салмағы бірқалыпты болғанға дейін кептірілді. Алынған өнімнің құрамындағы P_2O_5 -тің жалпы, суда еритін

және сіңірімді түрлерінің, азоттың мөлшерлері [9] және гумин қышқылдарының шығымы NA^{daf} [10] химиялық әдістермен анықталды.

Үлгілердің ИҚ-спектроскопиялық зерттеуі ИҚ-Фурье-спектрометрінде (Nicolet 5700, АҚШ) $4000\text{-}400\text{ см}^{-1}$ толқындар диапазонында жүргізіліп, ИҚ-спектрлердегі жұтылу жолақтарын талдау әдеби деректерге сәйкес жүзеге асырылды [11-13]. Үлгілердің ИҚ-спектрлерін алу үшін 0.5-1.0 мг мөлшердегі зат өлшендісіне калий бромидін (0.25 мг) қосып мұқият араластырылды және таблеткаға престелді. Алынған үлгілердің фазалық құрамы «ДРОН-3» дифрактометрінде (MoK_α - шағылуы) анықталды, ток күші –20мА және кернеуі – 25 кВ. Үлгілердің рентгенограммаларының идентификациясы эталондық рентгенограммалармен және әдебиеттік мәліметтермен салыстыру арқылы жүргізілді [14].

3. Нәтижелер және талқылау

«Темір дигидрофосфаты – калий гуматы», «темір гидрофосфаты – калий гуматы» және «темір ортофосфаты – калий гуматы» жүйелеріндегі әрекеттесу үдерісіне Қ:С қатынасының әсерін зерттеу кезінде алынған нәтижелер 1-суретте көрсетілген.



1 – P_2O_5 жалпы, 2 – P_2O_5 сіңіріп, 3 – P_2O_5 суда ер., жүйе: а – «темір дигидрофосфаты – калий гуматы»; б – «темір гидрофосфаты – калий гуматы»; с – «темір ортофосфаты – калий гуматы»

Сурет 1 – P_2O_5 -тің әртүрлі түрлері мәндерінің Қ:С қатынасына байланысты өзгеруі

Қ:С қатынасын 1:3-тен 1:6-ға дейін жоғарылатқанда фосфат ионының табиғатына қарамастан P_2O_5 -тің жалпы, суда еритін және сіңірімді түрлерінің абсолютті мәндерінің төмендейтіндігі анықталды. Мысалы, 2.5% калий гуматының ерітіндісі темір дигидрофосфатымен әрекеттескенде жалпы P_2O_5 -тің мөлшері 56.94-тен 46.91%-ға дейін, сіңірімді P_2O_5 – 44.70-тен 38.13%-ға дейін және суда еритін P_2O_5 – 35.37-тен 30.14%-ға төмендейді (1а-сурет, 1-3 қисықтар), темір гидрофосфатымен, сәйкесінше – 48.15-тен 41.27%-ға дейін, 36.58-ден 31.83%-ға дейін және 28.13-тен 24.79%-ға дейін (1б-сурет, 1-3 қисық сызықтар), ал темір ортофосфатымен, сәйкесінше

45.09-дан 39.42%-ға дейін, 32.37-ден 29.21%-ға және 13.85-тен 13.54%-ға дейін (1в-сурет, 1-3 қисық сызықтар) төмендейді. Алайда катион алмасу реакцияларының нәтижесінде темір гуматтары және калийдің дигидро- және гидрофосфаттары түзілетіндіктен суда ерігіштік коэффициенті 34.34-64.18%-ға, ал сіңірімділік коэффициенті 74.09-81.28%-ға дейін артады.


Тәжірибе нәтижелері Қ:С қатынасының 1:3-тен 1:6-ға дейін артқанда гумин қышқылдарының шығымы артып, азот мөлшерінің төмендейтіндігін көрсетті (кесте). Мысалы, калий гуматы темір дигидрофосфатымен әрекеттескенде гуминді қосылыстардың мөлшері (HA^{daf}) 78.89%-ға дейін, темір гидрофосфатымен – 79.23%-ға дейін және темір ортофосфатымен – 78.50%-ға дейін артады. Ал азот мөлшері сәйкесінше 1.32 және 0.71%-ға дейін төмендейді, (кесте 1). Бұл ортаның қышқылдығын бейтараптандыруға жұмсалатын аммиак шығынының төмендеуіне әкелетін гуминді заттардың бейтараптандыру қабілетіне байланысты. Ал темір ортофосфаты бар жүйедегі ортаның қалдық қышқылдығы калий гуматымен бейтарапталады анықталды. Сондай-ақ, аммиак, бор және басқа да бейтараптандырғыш заттарды қолданудан айырмашылығы, калий гуматын пайдаланғанда бейтараптандыру үдерісі P_2O_5 ретроградациясыз жүреді. Алынған өнімдер жақсы физикалық-механикалық қасиеттерге ие, сонымен қатар азотпен және физиологиялық белсенді гуминді қосылыстармен байытылған.

Кесте 1– Қ:С қатынасының гумин қышқылдарының шығымына және азот мөлшеріне әсері

Қ:С қатынасы	HA^{daf} , мас. %	$\text{N}_{\text{ж.}}$, мас. %
«темір дигидрофосфаты – калий гуматы»		
1:3	75.30	1.85
1:4	76.62	1.70
1:5	78.16	1.56
1:6	78.89	1.32
«темір гидрофосфаты – калий гуматы»		
1:3	76.91	1.32
1:4	77.34	1.01
1:5	78.31	0.95
1:6	79.23	0.71
«темір ортофосфаты – калий гуматы»		
1:3	75.69	-
1:4	76.43	-
1:5	77.79	-
1:6	78.50	-

Үлгілердің ИҚ-спектрлерін талдау (2-сурет) әртүрлі Қ:С қатынасында алынған өнімдер гуминді қосылыстарға тән сіңіру жолақтарымен сипатталатынын көрсетеді [8-10]: 3460-3450, 3370-3350 және 3230-3220 cm^{-1} аймағындағы жұтылу жолақтары молекулааралық сутектік байланысқан ОН-топтарының және NH-топтарының валенттік ауытқулары, 1630-1620


және $1400-1390\text{ см}^{-1}$ – карбоксил топтарының ассиметриялық және симметриялық тербелістері, $1280-1260\text{ см}^{-1}$ – фенолдық ОН-топтардың деформациялық, ароматты карбон қышқылдары мен күрделі эфирлердің С-О-топтарының тербелістері, ал $1050-1000\text{ см}^{-1}$ – біріншілік спирттер мен эфирлердің С-О-топтарының валенттік ауытқулары. Бұл сіңіру жолақтарының қарқындылығы Қ:С қатынасы жоғарылаған сайын арта түсетіні анықталды. $1630-1600$, $1020-1000$ және $550-520\text{ см}^{-1}$ аймағында темір гуматтары мен фосфат-иондарының сіңіру жолақтары қабаттасып, олардың ығысуына және қосылуына ықпал етеді. $980-960$, $790-780$, $670-660$ және $580-520\text{ см}^{-1}$ аймағындағы жұтылу жолақтары темір гуматының кешендерінде Me-O байланысының түзілуін растайды. Сондай-ақ, ИҚ-спектр талдаулары гуминді қосылыстардың әртүрлі функционалды топтарының және негізділігі әртүрлі фосфаттардың жұтылу жолақтары қабаттасатынын, бұл олардың пішінінің өзгеріп, олардың максимумдары жоғары немесе төмен жиіліктегі аймаққа ығысатынын көрсетті.



Әртүрлі Қ:С қатынасында алынған өнімдер: 1 – 1:3, 2 – 1:4, 3 – 1:5, 4 – 1:6, жүйе: а – «темір дигидрофосфаты – калий гуматы»; б – «темір ортофосфаты – калий гуматы»

Сурет 2 – Алынған органоинералды тыңайтқыштардың үлгілерінің ИҚ-спектрлері

РФА нәтижелері (3-сурет) алынған үлгілерде калий дигидро- және гидрофосфаттарының болуын растайды [11]. Рентгенограммадағы $d_{\alpha}=5.07$; 3.69 ; 2.55 ; 1.93 ; 1.70 \AA аймағындағы дифракциялық максимумдар калий дигидрофосфатына, ал $d_{\alpha}=6.31$; 4.26 ; 3.45 ; 3.01 ; 2.96 ; 1.84 ; 1.52 ; 1.45 \AA аймағындағы дифракциялық сызықтар калий гидрофосфатына сәйкес келеді. ИҚ-спектрлерінде анықталған темір гуматы аморфтылығына байланысты рентгенограммаларда тіркелмейді.



Әртүрлі К:С қатынасында алынған өнімдер: 1 – 1:3, 2 – 1:4, 3 – 1:6, жүйе: а – «темір дигидрофосфаты – калий гуматы»; б – «темір гидрофосфаты – калий гуматы»; с – «темір ортофосфаты – калий гуматы»

Сурет 3 – Алынған үлгілердің штрих-диаграммалары

4. Қорытынды

Сонымен, жүргізілген зерттеулер К:С қатынасының зерттелген диапазонында «темір дигидро/гидро/ортофосфаты – калий гуматы» жүйелеріне гуминді қосылыстарды енгізу нәтижесінде темір фосфаттарының құрамындағы фосфордың сіңірілмейтін түрлері толығымен дерлік сіңірімді түрге өтетіндігін көрсетті. Нәтижесінде суда ерігіштік коэффициенті 64.18%, сіңірімділік коэффициенті 81.28%, жалпы азоттың мөлшері 1.85% және гумин қышқылдарының шығымы 79.23%-ға дейін болатын құрамында гуматы бар органоминаралды тыңайтқыштар алынды. Жүйеге калий гуматын қосу P_2O_5 -тің ретроградация үрдісін тежейтіндігі және бос қышқылдықты бейтараптандыруға жұмсалатын аммиактың мөлшерін төмендететіндігі, ал «темір ортофосфаты – калий гуматы» жүйесі үшін әртүрлі бейтараптандырғыш реагенттерді қолданудың қажеті болмайтындығы анықталды. Химиялық және физика-химиялық талдау әдістерінің нәтижелері темірдің дигидро-, гидро- және ортофосфаттары калий гуматымен әрекеттескенде калийдің дигидро- және гидрофосфаттары және темір гуматы түзілетіндігі анықталды.

Қаржыландыру. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі ғылым Комитеті бағдарламалық нысаналы қаржыланыру ЖТН BR10965255 «Табиғи шикізат пен өндірістік қалдықтарға негізделген инновациялық көпфункционалды материалдар» бағдарламасы бойынша орындалды.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар осы мақалада келтірілген деректерде авторлар арасында мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

ВЛИЯНИЕ СООТНОШЕНИЙ ТВЁРДОГО НА ЖИДКОГО СОСТОЯНИЕ НА СОСТАВ И СВОЙСТВА ГУМАТСОДЕРЖАЩИХ ОРГАНОМИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ

У.Ж. Джусипбеков, Г.О. Нурғалиева*, З.К. Баяхметова

¹АО «Институт химических наук имени А.Б. Бектурова», Алматы, Казахстан

*E-mail: N_gulzipa@mail.ru

Резюме. Введение. В процессе хозяйственной деятельности человека вместе с урожаем из почвы выносятся питательные вещества, их потери также происходят в результате протекания естественных процессов (эрозия, вымывание и др.). Для сохранения плодородия почв и повышения урожайности необходимо восполнить недостающие питательные элементы с применением гуматсодержащих органоминеральных удобрений. *Цель работы* - изучение процессов взаимодействия фосфатов железа (III) с гуматом калия и получение гуматсодержащих органоминеральных удобрений. *Методы.* Применяли методы химического анализа, инфракрасную спектроскопию, рентгенофазовый анализ. *Результаты и обсуждение.* Исследованы процессы получения гуматсодержащих органоминеральных удобрений путем взаимодействия в системах «дигидрофосфат железа – гумат калия», «гидрофосфат железа – гумат калия» и «ортофосфат железа –гумат калия». Установлено, что повышение соотношений Т:Ж от 1:3 до 1:6 приводит к росту содержания усвояемых форм P_2O_5 до 44.70%, азота до 1.85% и выхода гуминовых веществ до 79.23%. Анализ данных ИКС свидетельствует о многокомпонентности и сложности состава образцов гуматсодержащих органоминеральных удобрений. Показано, что происходит наложение полос поглощения различных функциональных групп гуминовых соединений и фосфатов различной замещенности, при этом наблюдается искажение формы полос поглощения и смещение их максимумов в высоко- или низкочастотную область. *Заключение.* Выявлено, что независимо от природы фосфатного-иона повышение соотношений Т:Ж приводит к снижению абсолютного содержания общего, водно растворимых и усвояемых форм P_2O_5 . При этом фосфатная часть практически полностью переходит в усвояемую форму. Показано, что при введении гумат калия, весь фосфор, находящийся в фосфатах железа в неусвояемой форме, практически полностью переходит в подвижную и усвояемую форму. Выявлено, что добавление гумата калия в системы с фосфатами железа разной степени замещенности позволяет нейтрализовать остаточную кислотность пульпы, процесс нейтрализации протекает без ретроградации P_2O_5 . Получаемые продукты обладают хорошими физико-механическими и удобрительными свойствами.

Ключевые слова: дигидрофосфат железа, гидрофосфат железа, ортофосфат железа, гумат калия, гуматсодержащие органоминеральные удобрения

Джусипбеков Умирзак Жумасилович доктор технических наук, профессор

Нурғалиева Гулзина Орынтаевна доктор химических наук

Баяхметова Замира Кенесбековна кандидат химических наук

Әдебиеттер тізімі

1. Будаева А.Д., Антропова И.Г., Алексеева Е.Н., Хомоксонова Д.П. Получение органоминеральных удобрений из отходов угледобычи и минерального сырья. *Международ. научно-иссл. ж.*, **2017**, №12 (66), Ч.3, 85-88. DOI: [10.23670/IRJ.2017.66.113](https://www.elibrary.ru/download/elibrary_32368226_52075936.pdf), https://www.elibrary.ru/download/elibrary_32368226_52075936.pdf
2. Бондаренко А.М., Качанова Л.С., Челбин С.М., Головки А.Н. Исследование процесса производства гуминовых органоминеральных удобрений в системе экономической безопасности страны. *Дальневост. аграрный вест.*, **2022**, 1(61), 95-103. DOI: <https://org/10.24412/1999-6837-2022-1-95-103> https://elibrary.ru/download/elibrary_48220197_72239968.pdf
3. Панова К.И., Правдин Н.Н. Особенности процесса совместной переработки фосфатного сырья и гумусосодержащих веществ в удобрения. *Изв. С.-Петербург. гос. технол. ин-та.*, **2012**, №15(41), 43-46. <http://science.spb.ru/content-iti/15-41-2012>
4. Кирьянов А.О., Правдин Н.Н. Особенности процесса кислотного разложения Вятско-Камского фосфорита при введении торфа или промышленного гумата. *Изв. С.-Петербург. гос. технол. ин-та.*, **2014**, №26(52), 31-33. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=22625299>
5. Панова К.И., Правдин Н.Н., Кирьянов А.О. Исследование процесса разложения фосфатного сырья в присутствии торфа с использованием фосфорной кислоты. *Изв. С.-Петербург. гос. технол. ин-та.*, **2020**, №55(81), 10-15. DOI: <https://org/10.36807/1998-9849-2020-55-81-10-15>, <http://science.spb.ru/files/IzvetiyaTI/2020/55/publication.pdf>
6. Ero J., Urrutia O., Baigorri R., Fuentes M., Zamarreño A.M., Garcia-Mina J.M. Incorporation of humic-derived active molecules into compound NPK granulated fertilizers: main technical difficulties

and potential solutions. *Chem. Biol. Technol. Agric.*, **2016**, No.3(18), 1-15. DOI: <https://org/10.1186/s40538-016-0071>, https://www.researchgate.net/publication/303796968_Incorporation_of_humic-derived_active_molecules_into_compound_NPK_granulated_fertilizers_Main_technical_difficulties_and_potential_solutions

7. Urrutia O., Erro J., Guardado I., Francisco S.S., Mandado M., Baigorri R., Yvin J.C., Garcia-Mina J.M. Physico-chemical characterization of humic-metal-phosphate complexes and their potential application to the manufacture of new types of phosphatebased fertilizers. *J. Plant Nutr. Soil Sci.*, **2013**, No.177(2), 1-9. DOI: <https://org/10.1002/jpln.201200651>, <https://www.researchgate.net/publication/259539614>

8. Baigorri R, Urrutia O, Erro J, Mandado M, Perez-Juste I, Garcia-Mina J.M. Structural characterization of anion calcium-humate complexes in phosphate-based fertilizers. *ChemSusChem*, **2013**, No.6(7), 1245–1251. <https://doi.org/10.1002/cssc.201300024>

9. Кельман Ф.Н., Бруцкус Е.Б., Ошерович Р.Х. *Методы анализа при контроле производства серной кислоты и фосфорных удобрений*. Москва, Наука, **1963**, 360 с. https://www.studmed.ru/kelman-f-n-bruckus-e-b-osherovich-r-h-metody-analiza-pri-kontrol-e-proizvodstva-sernoy-kisloty-i-fosfornyh-udobreniy_6d1ed0c3e7 1. html

10. ГОСТ 9517–76 (СТ СЭВ 4787-84). *Углубурные и каменные. Методы определения выхода гуминовых кислот*. Москва, Госстандарт СССР, **1987**, 5 с. <https://ohranatruda.ru/upload/iblock/ad0/4294820847.pdf>

11. Орлов Д.С., Гришина Л.А. *Практикум токсимизумуса*. Москва, МГУ, **1981**, 271 с. https://www.studmed.ru/orlov-d-s-grishina-l-a-praktikum-po-himii-gumusa_8caa68f7d7c.html

12. Тарасевич Б.Н. *ИК-спектры основных классов органических соединений*. Москва, МГУ, **2012**, 55 с. http://www.chem.msu.ru/rus/teaching/tarasevich/Tarasevich_IR_tables_29-02-2012.pdf

13. Накамото К. *ИК-спектры спектры КР неорганических и координационных соединений*: Пер. с англ. Москва, Мир, **1991**, 536 с. <http://www.ncm.unn.ru/files/2021/01/Nakamoto-ИК-спектры-i-спектры-KR-nerganicheskikh-i-koordinatsionnyh-soedinenij.pdf>

14. Кузнецова Г.А. *Качественный рентгенофазовый анализ. Методические указания*. Иркутск, ИГУ, **2005**, 28 с. <http://window.edu.ru/resource/172/30172>

References

1. Budayeva A.D., Antropova I.G., Alekseyeva E.N., Homoksonova D.P. Polučenie organomineral'nyh udobreni jizothodovugledobyč'i i mineral'nogosyr'ã. *Meždunar. naučno-issl. ž.*, **2017**, No.12 (66), 3, 85-88. (In Russ.). DOI: 10.23670/IRJ.2017.66.113, https://www.elibrary.ru/download/elibrary_32368226_52075936.pdf

2. Bondapenko A.M., Kačanova L.S., Čelbin S.M., Golovko A.N. Iccledovanie pprocessa ppoizvodctvagyminovyx organomineral'nyx ydobrenij v cicteme èkonomičeskoj bezopacnoctitpany. *Dal'nevost.agrapnyjvect.*, **2022**, No.1(61), 95-103. (In Russ.). DOI: <https://org/10.24412/1999-6837-2022-1-95-103>, https://elibrary.ru/download/elibrary_48220197_72239968.pdf

3. Panova K.I., Pravdin N.N. Peculiarities of common treatment process of phosphorous raw materials and humus containing compounds into fertilizers. *Izv. S.-Peterburg. gos. tekhnol. in-ta.*, **2012**, No.15(41), 43-46. (In Russ.). <http://science.spb.ru/content-iti/15-41-2012>

4. Kir'janov A.O., Pravdin N.N. Osobennosti processa kislotnogo razlozhenija Vjatsko-Kamskogo fosforita privvedenii torfa ilipromy shlennogo gumata. *Izv. S.-Peterburg. gos. tekhnol. in-ta.*, **2014**, No.26(52), 31-33. (In Russ.). <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=22625299>

5. Panova K.I., Pravdin N.N., Kir'janov A.O. Issledovanie processa razlozheniã fosfatnogo syr'ã v prisutstvii orfa s ispol'zovaniem fosfornoj kisloty. *Izv. S.-Peterburg. gos. tekhnol. in-ta.*, **2020**, No.55(81), 10-15. (In Russ.). DOI: <https://org/10.36807/1998-9849-2020-55-81-10-15>, <http://science.spb.ru/files/IzvetiyaTI/2020/55/publication.pdf>

6. Ero J., Urrutia O., Baigorri R., Fuentes M., Zamarreño A.M., Garcia-Mina J.M. Incorporation of humic-derived active molecules into compound NPK granulated fertilizers: main technical difficulties and potential solutions. *Chem. Biol. Technol. Agric.*, **2016**, No.3(18), 1-15. DOI: <https://org/10.1186/s40538-016-0071-7>, https://www.researchgate.net/publication/303796968_Incorporation_of_humic-derived_active_molecules_into_compound_NPK_granulated_fertilizers_Main_technical_difficulties_and_potential_solutions

7. Urrutia O., Erro J., Guardado I., Francisco S.S., Mandado M., Baigorri R., Yvin J.C., Garcia-Mina J.M. Physico-chemical characterization of humic-metal-phosphate complexes and their potential application to the manufacture of new types of phosphatebased fertilizers. *J. Plant Nutr. Soil Sci.*, **2013**, No. 177(2), 1-9. DOI: 10.1002/jpln.201200651, <https://www.researchgate.net/publication/259539614>
8. Baigorri R., Urrutia O., Erro J., Mandado M., Perez-Juste I., Garcia-Mina J.M. Structural characterization of anion calcium-humate complexes in phosphate-based fertilizers. *ChemSusChem*, **2013**, No. 6(7), 1245–1251. <https://doi.org/10.1002/cssc.201300024>
9. Kel'man F.N., Bruckus E.B., Ošerovič R.H. *Metody analiza pri kontrole proizvodstva sernojkislotyi fosforn yudobrenij*. Moskva, Nauka, **1963**, 360 s. https://www.studmed.ru/kelman-f-n-bruckus-e-b-osherovich-r-h-metody-analiza-pri-kontrole-proizvodstva-sernoy-kisloty-i-fosfornyh-udobreniy_6d1ed0c3e7_1.html
10. GOST 9517 – 76 (ST SÈV 4787-84). *Ugliburyei kamennye. Metody opredeleniâ vyhoda guminovyh kislot*. Moskva, Gosstandart SSSR, **1987**, 5 p. <https://ohranatruda.ru/upload/iblock/ad0/4294820847.pdf>
11. Orlov D.S., Grišina L.A. *Praktikum po himii gumusa*. Moskva, MGU, **1981**, 271 p. https://www.studmed.ru/orlov-d-s-grishina-l-a-praktikum-po-himii-gumusa_8caa68f7d7c.html
12. Tarasevič B.N. *IK-spektry osnovnyh klassov organičeskikh soedinenij*. Moskva, MGU, **2012**, 55 p. http://www.chem.msu.ru/rus/teaching/tarasevich/Tarasevich_IR_tables_29-02-2012.pdf
13. Nakamoto K. *IK-spektryi spektry KR neorganičeskikh I koordinacionnyh soedinenij*: Per. s angl. Moskva, Mir, **1991**, 536 p. <http://www.ncm.unn.ru/files/2021/01/Nakamoto-ik-spektry-i-spektry-KR-nerganicheskikh-i-koordinatsionnyh-soedinenij.pdf>
14. Kuznecova G.A. *Kačestvennyj rentgenofazovyj analiz. Metodičeskie ukazaniâ*. Irkutsk, IGU, **2005**, 28 p. <http://window.edu.ru/resource/172/30172>

FEATURES OF THE SCANDIUM IONS INTERACTION WITH THE INTERPOLYMER SYSTEM LEWATIT CNP LF (H⁺) - AB-17-8 (OH⁻) SYSTEM

T.K. Jumadilov¹, Kh. Khimersen^{1,2*}, Zh.S. Mukatayeva², Zh.K. Korganbayeva²,
J. Haponiuk³, A. Imangazy¹

¹A.B. Bekturov Institute of Chemical Sciences JSC, Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³Gdansk University of Technology, Gdansk, Poland

*E-mail: huaana88@mail.ru

Abstract. *Introduction.* The sorption of the interpolymer systems on the basis on Lewatit CNP LF and AB-17-8 industrial ion exchanges in the relation to scandium ions has been studied. *The purpose* of this research has been to study the sorption capacity of the interpolymer system “Lewatit CNP LF:AV-17-8” in relation to scandium ions. *Methodology.* To calculate the sorption parameters, the optical density of the solutions has been measured on the Jenway-6305 spectrophotometer. *The obtained results* have shown that the maximum sorption degree of the “Lewatit CNP LF:AV-17-8” interpolymer systems during 48 h of interaction has occurred in the molar ratios (3:3; 2:4 and 1:5) of polymers, the sorption degrees have been 26.4%; 27.9% and 26%, respectively. As can be seen, the value of the sorption degree is maximum at the ratio of 2:4. The value of the sorption degree in this ratio is higher by 32.5% and 28.5%, respectively, as compared with the degree of sorption of individual ion exchangers Lewatit CNP LF (6:0) and AV-17-8 (0:6). The highest values of the polymer chain binding degree after 48 h with scandium ions in the interpolymer system “Lewatit CNP LF:AV-17-8” for the ratios of 3:3; 2:4 and 1:5 have been 4.87%, 5.25% and 5.01%, respectively. The values of the polymer chain binding degree of the individual Lewatit CNPLF (6:0) and AV-17-8 (0:6) ion exchangers, after 48 h have been 3.68% and 4.26%, respectively. *Conclusion.* The obtained results have shown that the mutual activation of ion exchange resin the interpolymer system leads to a significant increase in their sorption capacity.

Keywords: interpolymer system, lewatit CNPLF, AB-17-8, remote interaction, mutual activation, scandium ions, extraction degree

<i>Jumadilov Talkybek Kozhatayevich</i>	<i>Doctor of Chemical Sciences, Professor, E-mail: jumadilov@mail.ru</i>
<i>Khimersen Khuangul</i>	<i>PhD student, e-mail: huaana88@mail.ru</i>
<i>Mukatayeva Zhazira Sagatbekovna</i>	<i>Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, E-mail: jazira-1974@mail.ru</i>
<i>Korganbayeva Zhanar Kozhamberdikyzy</i>	<i>Candidate of Chemical Sciences, E-mail: korganbaeva.zhan@mail.ru</i>
<i>Jozef Haponiuk</i>	<i>Full professor, Gdansk University of Technology; E-mail: jozef.haponiuk@pg.edu.pl</i>
<i>Imangazy Aldan</i>	<i>Scientific Researcher, E-mail: kazpetrochem@gmail.com</i>

Citation: Jumadilov T.K., Khimersen Kh., Mukatayeva Zh. S., Korganbayeva Zh.K., Haponiuk J. Features of the scandium ions interaction with the interpolymer system Lewatit CNP LF (H⁺) - AB-17-8 (OH⁻) system. *Chem. J. Kaz.*, 2023, 2(82), 109-117. (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.51580/2023-2.2710-1185.18>

СКАНДИЙ ИОНДАРЫНЫҢ ЛЕВАТИТ (Н+) ЖӘНЕ АВ-17-8 (ОН-) ИНТЕРПОЛИМЕРЛІ ЖҮЙЕСІМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Т.К. Джумадиллов¹, Х. Химэрсэн^{1,2*}, Ж.С. Мукатаева²,
Ж.Қ. Қорғанбаева², Ю. Хапонюк³, А. Имангазы¹

¹«Ә.Б. Бектұров атындағы химия ғылымдары институты» АҚ, Алматы, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³Гданьск технологиялық университеті, Польша

*E-mail: huana88@mail.ru

Түйіндемe. *Кіріспе.* Леватит CNP LF және АВ-17-8 өндірістік ионалмастырғыш шайырлары негізінде құрылған интерполимерлі жүйелердің скандий иондарына байланысты сорбциясы зерттелді. *Жұмыстың мақсаты.* Леватит CNP LF және АВ-17-8 негізінде құрылған интерполимерлі жүйелердің скандий иондарына қатысты сорбциялық қабілетін зерттеу. *Әдістері.* Сорбция параметрлерін есептеу үшін Jenway-6305 спектрофотометрінде (СК) ерітінділердің оптикалық тығыздығы өлшенді. *Алынған нәтижелер.* Леватит CNP LF – АВ-17-8 интерполимерлі жүйелерінің максималды сорбция дәрежесі 48 сағат әрекеттесу кезінде полимерлердің 3:3, 2:4 және 1:5 молярлық қатынастарында болатынын көрсетті, сорбция дәрежесі сәйкесінше 26.4%; 27.9% және 26%. Сорбция дәрежесінің ең жоғарғы мәні 2:4 қатынасында екені анықталды. Бұл қатынастағы сорбция дәрежесінің мәні жеке Леватит CNP LF (6:0) және АВ-17-8 (0:6) ионалмастырғыштардың сорбция дәрежесімен салыстырғанда сәйкесінше 32.5% және 28.5%-ға жоғары екені белгілі болды. Интерполимер жүйесіндегі полимер тізбегінің скандий иондарымен байланысу дәрежесінің ең жоғары мәндері 48 сағаттан кейін Леватит CNP LF - АВ-17-8 3:3; 2:4 және 1:5 қатынастарында сәйкесінше 4.87%, 5.25% және 5.01% құрады. Ал жеке Леватит CNPLF (6:0) және АВ-17-8 (0:6) ионалмастырғыштарында полимер тізбегінің байланысу дәрежесінің мәндері 48 сағаттан кейін тиісінше 3.68% және 4.26% құрады. *Қорытынды.* Алынған мәліметтер интерполимер жұбындағы ион алмастырғыш шайырлардың өзара активтенуі олардың сорбциялық қабілетінің айтарлықтай жоғарылауына әкелетінін көрсетеді.

Түйін сөздер: интерполимерлі жүйе, леватит CNPLF, АВ-17-8, қашықтан әрекеттесу, өзара активтену, скандий ионы, сорбция дәрежесі

<i>Джумадиллов Талқыбек Қожатаевич</i>	<i>Химия ғылымдарының докторы, профессор</i>
<i>Химэрсэн Хуангул</i>	<i>PhD докторант</i>
<i>Мукатаева Жанар Сағатбековна</i>	<i>Химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор</i>
<i>Қорғанбаева Жанар Қожамбердіқызы</i>	<i>Химия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы</i>
<i>Юзеф Хапонюк</i>	<i>Профессор, Гданьск технологиялық университеті</i>
<i>Имангазы Алдан</i>	<i>Ғылыми қызметкер</i>

1. Кіріспе

Полиэлектролиттер (ПЭ) озық технологиялар мен молекулалық биологияда маңызды рөл атқаратындықтан соңғы онжылдыққа ғалымдардың назарын аударып келе жатқан ең өзекті қосылыстардың бірі болып қала береді. Полиэлектролиттер деп кез келген иондаушы еріткішке салғанда (мысалы Н₂О) жоғары зарядталған полимер молекуласына диссоциацияланып, оң немесе теріс зарядталған полимерлік тізбектер түзетін, қайталанатын буындардан тұратын макромолекулалы полимерлерді айтады.

Зарядсыз күйдегі ПЭ қалыпты макромолекулалар сияқты әрекет етеді, бірақ иондық топтардың диссоциациялану деңгейі төмен болса, олардың қасиеттерінде кейбір қарқынды өзгерістер болуы мүмкін. Иондық топтардың ішінара немесе толық диссоциациялануына байланысты электростатикалық әрекеттесулер пайда болып, бұл полимерлердің қасиеттерінің өзгеруіне әкелуі мүмкін. Тұтқырлық, ерігіштік, рН, иондану тұрақтысы, диффузия коэффициенті және т.б. сияқты ПЭ қасиеттерін кез келген жаңа иондық топтарды полимерлік тізбекке енгізу арқылы өзгертуге болады [1-4].

Біздің зерттеулеріміз макромолекулалы полимерлер негізінде жоғары сорбциялық қасиеттері және селективтілігі бар интерполимер жүйелерін құру арқылы сирек жер элементтерінің және ілеспе металдардың иондарын технологиялық ерітінділерден іріктеп бөлу және сорбциялау технологиясын құруға бағытталған. Интерполимер жүйелеріндегі иондану процесінің ерекшелігі иондалған топтарда қарсы ионның болмауы. Бұл полимерлердің өзара активтенуіне және полимер тізбегі бойында теңгерілмеген зарядтардың пайда болуына әкелетін интерполимерлік әрекеттесулердің салдары. Қышқылдық полимерлердің диссоциациялануы кезінде протонның карбоксил тобынан ажырауы және бұл ионның сулы ортада негіздік полимердің гетероатомымен қосылуы нәтижесінде бейтарапталмаған заряд түзіледі. Бұл жағдайда негіздік полимердің заряд тығыздығы қышқылдық полимердің диссоциациялану дәрежесімен шектеледі. Нәтижесінде полиқышқыл иондануға, содан кейін карбоксил тобының диссоциациясына ұшырайды, содан кейін полинегіздің гетероатомымен протондардың ассоциациясы жүреді, нәтижесінде екі полимер де қарсы иондарсыз түйінаралық тізбектердің буындарында бірдей зарядталған топтар болады. Сол себепті жеке полимерлермен салыстырғанда интерполимерлі жүйелердің сорбциялық қабілеті жоғары болады [5-9].

Алдыңғы зерттеулерде Леватит CNP LF және АВ-17-8 өндірістік ион алмастырғыш шайырларының электрохимиялық қасиеттеріне зерттеулер жүргізілген болатын. Бұл зерттеудің мақсаты Леватит CNP LF және АВ-17-8 негізінде құрылған интерполимерлі жүйелердің скандий иондарына қатысты сорбциялық қабілетін зерттеу.

2. Эксперименттік бөлім

Құрал-жабдықтар. Скандий иондарының концентрациясын есептеу үшін скандий сульфаты ерітінділерінің оптикалық тығыздығы Jenway-6305 спектрофотометрінде (СК) анықталды.

Жеке ион алмастырғыш шайырлардың сорбциялық қасиеттерін зерттеу:

1) Құрғақ күйдегі әрбір ион алмастырғыш шайырлардың (Леватит CNP LF, АВ-17-8) есептелген мөлшері арнайы полипропилен торларына салынды.

2) Скандий иондарын жеке Леватит CNP LF және АВ-17-8 ион алмастырғыш шайырлары арқылы сорбциялау 48 сағат бойы жүргізілді. Осы уақыт ішінде скандий иондарының концентрациясын анықтау үшін аликвоттар алынды.

Интерполимерлік жүйелердің сорбциялық қасиеттерін зерттеу:

1) Өндірістік ион алмастырғыш шайырлар (Леватит CNP LF, АВ-17-8) негізінде молдік қатынастары әртүрлі интерполимерлі жүйелер құрылды: Леватит CNP LF-АВ-17-8;

2) Құрғақ түрдегі әрбір полимерлі макромолекулалардың есептелген мөлшері арнайы полипропилен торларына салынды;

3) Осы интерполимерлі жүйелермен скандий иондарын сорбциялау 48 сағат бойы жүргізілді, кейіннен скандий иондарының концентрациясын анықтау үшін аликвоттар алынды.

Сорбция параметрлерін есептеу. Скандий сульфатының ерітіндісі ($C = 100$ мг/л) ионсызданған сумен дайындалды ($\chi = 10$ мк³/см; рН = 6.95). Скандий иондарының бөліп алу дәрежесі мына теңдеуге сәйкес есептелді:

$$\eta = \frac{C_0 - C_e}{C_0} * 100\%,$$

мұндағы C_0 – ерітіндідегі скандий иондарының бастапқы концентрациясы, мг/л; C_e – скандий иондарының ерітіндіде қалған концентрациясы, мг/л.

Полимер тізбегінің түйінаралық буындарының байланысу дәрежесі келесі формула бойынша есептелді:

$$\theta = \frac{v_{\text{сорб}}}{v} * 100\%,$$

мұндағы $v_{\text{сорб}}$ – сорбцияланған скандий иондарының мөлшері, моль; v – полимер массасының мөлшері (егер ерітіндіде 2 полимер болған жағдайда, онда олардың әрқайсысының мөлшерінің қосындысы ретінде қарастырылады), моль.

Жеке ионалмастырғыш шайырлардың және интерполимерлер жүйесінің тиімді динамикалық алмасу қабілеті төмендегі формула бойынша есептелді:

$$Q = \frac{v_{\text{сорб}}}{m_{\text{сорбент}}}$$

Мұндағы $v_{\text{сорб}}$ – сорбцияланған скандий иондарының мөлшері, моль; m – зерттеуге алынған полимер массасы (егер ерітіндіде 2 полимер болған жағдайда, онда олардың әрқайсысының массасының қосындысы ретінде қарастырылады), г.

3. Нәтижелер және оны талқылау


Осыған дейін жүргізілген зерттеу нәтижелерінен функционалды полимерлердің өзара активтену құбылыстары металл иондарының сорбциялану процестерінде де байқалу керек деп болжауға болады. Бұл болжамды тексеру үшін скандий иондарына қатысты интерполимерлі жүйелердің сорбциялық қасиеттеріне зерттеу жүргізілді. Леватит CNP LF - АВ-17-8 интерполимер жүйесімен сорбциялау кезінде Sc^{3+} иондарының

